

"Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 40 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 87 қаулысы

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 18 ақпандағы № 40 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

осы қаулының 2 және 5-тармақтары алынып тасталсын;

осы қаулымен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

14-тармақтың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, пестицидтерді және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салуды, күтіп-ұстауды және реконструкциялауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру;"

14-тармақ мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

"23-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде инвестициялық субсидиялау мониторингін жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 41-1), 41-2), 41-3) және 41-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"41-1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес органикалық өнім өндіру сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асыру;

41-2) халықты органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

41-3) органикалық өнім өндірушілерге олардың өнімдерін өндіру, тиісті облыс аумағында өткізу, сондай-ақ осы өнімді экспортқа ілгерілету мәселелерінде жәрдем көрсету;

41-4) органикалық өнім өндірісі және айналымы саласындағы уәкілетті органға органикалық өнім өндіру үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдары мен ауыл шаруашылығы жануарлары тізіліміне енгізу үшін органикалық өнім өндіру үшін пайдаланылатын ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының және ауыл шаруашылығы жануарларының бар-жоғы туралы ақпаратты ұсыну;"

99) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"99) уәкілетті органға жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы жартыжылдық және жылдық есептерді ұсыну;"

мынадай мазмұндағы 100-1) және 100-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"100-1) жайылымдардың оты-суының молдығы және жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі туралы деректер жинауды жүзеге асыру;

100-2) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге енгізу;"

осы қаулының 3-қосымшасы алынып тасталсын.

2. Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Н. Сақтағанов